

**Мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру және нығайту жөніндегі іс-шаралардың 2008-2010 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 қыркүйектегі N 830 Қаулысы

"Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру және нығайту жөніндегі іс-шаралардың 2008-2010 жылдарға арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) :

- 1) Жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;
- 2) жыл сайын 30 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне Жоспардың орындалуы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (келісім бойынша) жыл сайын 20 қаңтарға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2007 жылғы 24 қыркүйектегі  
N 330 қаулысымен

бекітілген

**Мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру және нығайту жөніндегі іс-шаралардың 2008-2010 жылдарға арналған жоспары**

Р/ с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындалу- ы н а жауапты	Оры- нда-	Жо- рамал шы- ғыс- тар (мың	Қар- жы-

				л у мер- зімі	тең- ге)	лан- дыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1	Мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралардың ведомстволық жоспарларын әзірлеу	Іс-шаралар жоспарлары	Мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008 жылғы шілде	Талап етілмейді	
2	Мемлекеттік қызметшілердің оң жұмысын жария ету, мемлекеттік қызметтің беделін көтеруге және мемлекеттік қызметшінің оң имиджін қалыптастыруға бағытталған материалдарды жариялау	БАҚ-тағы жарияланымдар	М А М , мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Тұрақты	2008-3000, 2009-3000, 2010-3000*	Республикалық бюджет
3	Мемлекеттік қызметшілер үшін "Мемлекеттік қызметшінің этикасы мен имиджі" атты оқу модулі бойынша, оның ішінде "Мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексі - қызметтік қарым-қатынастар этикасының негізі", "Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың әлеуметтік-адамгершілік аспектілері",	Дәрістер циклі	М Қ А (келісім, бойынша), М Б А (келісім бойынша)	Жыл ішінде	Талап етілмейді	

	"Іскерлік қарым-қатынас этикасы", "Мемлекеттік қызметшінің этикеті" тақырыптары бойынша дәрістер ұйымдастыру					
4	Мемлекеттік органдар арасында спорттық іс-шаралар ұйымдастыру	Үкіметке есеп	Т С М (жинақтау), мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл сайын 1 желтоқсанға дейін	Талап етілмейді	
5	Мемлекеттік органдардың веб-сайттарына мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыруға және нығайтуға арналған бөлім енгізу	Веб-бөлімдер құру	А Б А , мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2008 жылғы қазан	Талап етілмейді	
6	Білім беру ұйымдарында оқитындармен патриотизмді, азаматтық борыш сезімін тәрбиелеу мәселелері жөнінде кездесулер ұйымдастыру	Кездесулер	М Қ А , (келісім бойынша), Б Ғ М , облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Жыл ішінде	Талап етілмейді	
7	"Ең үздік халыққа қызмет көрсету орталығы" конкурсын өткізу	Үкіметке есеп	Әділетмині	Жыл сайын 1 желтоқсанға дейін	Талап етілмейді	
8	Мемлекеттік қызметші күнін бекіту	Жарлықтың жобасы	М Қ А (келісім бойынша)	2009 жылғы маусым	Талап етілмейді	

9	"Болашақ" халықаралық стипендиясының стипендиаттарымен оқу аяқталғаннан кейін оларды мемлекеттік қызметке тарту жөнінде кездесу өткізу	Кездесу	БҒМ, МҚА (келісім бойынша)	Жыл сайын	Талап етілмейді	
---	--	---------	----------------------------	-----------	-----------------	--

### **Е с к е р т п е :**

\* 2008-2010 жылдарға арналған республикалық бюджет бойынша шығыстардың сомалары болжамды болып табылады және оларды 2008-2010 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру жөніндегі бюджет комиссиясы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес айқындайтын болады.

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

МҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

МБА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік басқару академиясы

БАҚ - Қазақстан Республикасы бұқаралық ақпарат құралдары